

Парламент депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы үгіт шараларына кепілдікті ақы төлеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысы 1995 жылғы 23 қазан N 14 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 мамыр N 302 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 110/134 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 28-бабын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 қазандағы N 1326 Қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы

е т е д і :

1. Парламент депутаттығына кандидаттың өз бағдарламасын баяндау мақсатымен мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау алдындағы үгіт жүргізу шараларына мемлекет кепілдік беретін ақы мынадай мөлшерде

б е л г і л е н с і н :

- а) мемлекеттік теледидардан бір рет он бес минут сөз сөйлеуге 60 мың теңге;
- б) мемлекеттік радиодан бір рет он минут сөз сөйлеуге - 10 мың теңге;
- в) мемлекеттік баспасөз органдарында әрқайсысының көлемі 100 жолдық еki мақала жариялауға - 32 мың теңге;
- г) плакаттар, парапашалар, ұрандар және басқа басылған үгіт материалдарын шығару үшін - 30 мың теңге;
- д) сайлау алдындағы көпшілік шараларды өткізу үшін - 15 мың теңге.

2. Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттарға, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Жарлығының 28-бабы 6-тармағын басшылыққа ала отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз алуына, сайлау алдындағы көпшілік шараларды өткізуғе, қосымша үгіт материалдар шығаруға, көлік және іссапар шығындарын жабуға байланысты шығыстарын өзінің сайлау қоры қарожатынан төлеу ұсынылсын.

К о м и с с и я	т е р ағ а с ы
К о м и с с и я	х а т ш ы с ы
" — " -----	1 9 _ _ ж .

N _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК